

29 ақпан 2024 жылы Инновациялық білім беру факультеті, Психология және педагогика кафедрасының «Эмоционалды интеллект және тұлға тану» ғылыми мектебінің ақпан айына жоспарланған **«Жеке тұлғалық және кәсіби қызметтегі эмоциялардың рөлі»** тақырыбында семинар-тренинг өтті. Тренингті осы ғылыми мектептің жетекшісі пс.ғ.к., қауымдастырылған профессор Сабирова Жаңылсын Нұрмұханқызы және 1 курс Педагогика және психология мамандығының магистранты Токкулиева Назерке жүргізді. Семинар -тренинг барысында эмоционалды интеллект ұғымы және әлемде оның танымал болу себептері, жеке тұлғалық және кәсіби қызметтегі эмоциялардың рөлі жайлы айтылды. Тақырып кең көлемде талқыланып, практикалық жаттығулар да жасалды. Тренингке кафедра профессор-оқытушылары мен Қорқыт ата университетінен келген оқытушыларда қатысып, өз әсерлерімен бөлісті.





